

Қайранкөл ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 1 "Қайранкөл селолық округі селоларының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы Қайранкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 мамырда № 4709 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Қайранкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қайранкөл ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 1 "Қайранкөл селолық округі селоларының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-145 тіркелген, 2011 жылғы 10 қарашада "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селоларының", "селолары", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", " ауылдарының", "ауылдары", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а й р а н к ө л а у ы л д ы қ о к р у г і
әкімінің міндетін атқарушы В. Садовников